

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

zangazet@mail.ru



№100 (3528) 16 желтоқсан 2022

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНДІК БАС ТАҚЫРЫНЫ

## АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАФЫ КҮРЕСТИ БІР ФАНА ЖЕЛОҚСАН ОҚИҒАСЫМЕН ӨЛШЕУ МУМКІН ЕМЕС



Тәуелсіздік – Тәнірдің қазақта берген сыйы. Ал біз осы сыйды бағалай алып жүрміз бе? Тәуелсіздіктің маңызын, мәнін түсіне алдық па?

Әлемде өз тәуелсіздігіне қолы жетпей, үлт ретінде үйіса алмай отырған елдер қаншама! Солардың барлығы өзінің егемен мемлекеті, Әнұраны мен Тұы, Ата Заңы болғанын қалайды. Білімді ұландарының, білікті үлкіздарының өз елінің атынан додаларға қатысып, елінің нағызының қорғағанын, мемлекетінің атын шыгарғанын жан-тәнімен тіледі. Әткен тарихының өшпеуін, ана тілінің ұмытылмауын өзге мемлекеттің ішінде жүріп тілейтін сол жандардың үлтқа, ел өртөніне деген жаңкешті тірлігіне таңданбасқа әдәін жоқ. Ал біз әлем мойындаған екі жүзге жуық бақытты мемлекеттің біріміз.

Шекарамыз белгіленген, Бас құжатымыз – Конституцияның басты бағдарымызға айналғанына да толайым уақыт болды. Қазақстанды танытсақ, Қазақстанды өзгелерге тартыымды етсек деген мақсатта қолға алынған шаралардың нәтиже бергені де, нәтижесіз қалғаны да аз емес. Кейде осындағы әлемдік масштабтағы мәселелер ел ішіндегі өзекті мәселелерді көлеңкелеп, екінші қатарға ысырып тастағандай көрінеді. Ұлық мереке қарсаңда тарих ғылыми дарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Саттар Мәжитовпен пікірлесіп, тәуелсіздік жылнамасы на бір кез жүгіртіп өткен едік. Белгілі тарихшының түйіні төмендегідей.

(Соны 4-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

## ЖАҢА ТӨРАҒАЛАРҒА СӘТТІЛІК!

Барыс жылышының соңғы күндерінде екі облыстық сотқа жаңа төраға тағайындалды. Күні кеше Ұлытау облыстық сотының тізгінін ұстағалы отырған Қайрат Адрановты Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шеріпов арнағы келіп таныстырыды.



идеяларды іске асырдық», – деп атап өтті өз сөзінде Н. Шеріпов.

Жаңа төраға Қайрат Төлепбергенұлының аты сот саласына бұрыннан таныс. Алғашқы енбек жолын прокуратурада бастағанымен, Адрановтың сот саласында үздіксіз тер төгіп келе жатқанына 30 жыл. Соның ішінде екі рет аудандық сот төрағасы болып, 4 рет облыстық соттардың сот алқасын басқарған. Осы уақыт ішінде өзін сауатты басшы және білікті зангөр ретінде көрсете білген жан. Жаңа өнірдің жаңа соттың жұмысын таза парактандыстағыла отырған Қайрат Төлепбергенұлының жұмысына жеміс, абырай тілейміз!

Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Тұқиев Костанай өнірінің судьялар корпусына облыстық соттың жана төрағасы Вячеслав Салийді таныстырыды. Салада 35 жылдық оттіл бар Вячеслав Василийұлы да осы уақыт ішінде өзін сауатты судья және білікті басшы ретінде танытып, әріптестер арасында жоғары беделге ие болған маман. Аудандық сот судьясынан Жоғарғы Сот судьясына дейінгі есү



баспаудағынан өткен В. Салай де Костанай облыстық сотының жұмысын жандандырып, төрелік алаңындағы тың бастамаларымен ел есіндегі калады деп сенеміз!

«Зан газеті»

«Бұл аймакта мен 3 жыл жұмыс істедім. Аудандың жаңы таныстырып, ойткени жұмыс сапарлары аясында ербір елдімекенде болды. Мұнда соттарда біз фронт-кенселер ашып, сот қызметін жетілдіруге бағытталған көптеген



ЖЕЛОҚСАН: ӨЗ ЕЛІ  
ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ...

2,3-беттер



СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ,  
АБЫРОЙЫ – БИЛІКТІН,  
АБЫРОЙЫ

6-бет



АДВОКАТТЫҢ  
ҚАЙЫРЛЫ ИСІ...

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕҢ СҮХБАТ

Рустем Мырзакәрімұлы,  
Батыс Қазақстан облыстық сотының  
төрағасы:

## «СОТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫСЫ БІР»

– Рустем Мырзакәрімұлы, соңғы  
жылдарды еліміздің сот саласы көптеген  
өзгерістерге ғынырады. Жаңашылдыққа,  
жаңа форматқа кошті. Батыс Қазақстан облыстық соты осы  
урдістің кошіне қалай ілесуде? Облыстық соттың бүгінгі жаңай  
айта отырсаңыз?

– Сот жүйесі де кез келген тірі ағза  
сияқты сыртқы құбылысқа бейімделу қасиетіне ие. Сол себепті жаңашылдыққа, жаңа форматқа көшүде Батыс Қазақстан облыстық соты ешқашан жаңалыктан қалыс  
калған емес. Оған коса халық ілгілігі үшін  
республикалық деңгейде орын алып жатқан  
онды өзгерістердің біраз болғыт біздің өнірден  
бастау алғандығын атап отуге болады.

Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облыстық  
сотында жалпы саны 17 судья қызмет  
атқаруда, оның 6-ы қылмыстық істер, 7-і  
азаматтық істер және 3-і әкімшілік істер  
бойынша төрелік етеді.

(Соны 5-бетте)













